

(жоспардан тыс)Педагогикалық кеңестің №4

хаттамасы

Өткізу күні: 29.12.2023 жыл

Қатысқандар саны -13

Қатыспаған-0 •

Тақырыбы: «Балапан» мектепке дейінгі ұйымды өзін өзі аттестаттауды қорытындылау

Мақсаты: Білім беру мекемесінің оқыту және тәрбиелеу сапасын арттыру бойынша мектепке дейінгі мұйым қызметін тиімділігін талдау беру және өзін-өзі бағалау

КҮН ТӘРТІБІ:

1.«Балапан» МДҰ-ның өзін-өзі бағалау бойынша комиссия мүшелерінің есебі

2. Өзін өзі бағалау қорытындысы бойынша есеп

Бірінші мәселе бойынша, меңгеруші Ж:К: Биманбаева сөз сөйледі, ол педагогикалық ұжымды 2021 жылдан бастап 2023 жылдың желтоқсан айына дейін кезеңде қызметтің барлық бағыттары бойынша мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалау қорытындыларымен таныстырды. Мектепке дейінгі ұйым штаттық кестеге сәйкес педагогикалық кадрлармен толық қамтылған. Ағымдағы жылы 10 педагог жоғары педагогикалық білімі бар, ол 77 %, оның ішінде 7 педагог «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша тәрбиешілердің үлесі 54 % құрайды, 3 педагог арнайы орта білімі бар, 3 педагог- жоғары педагогикалық білімі бар. Педагогтар аттестаттаудан жаңа форматтан өтеді. Педагог сарапшы -1, педагог модератор -8, жоғары санатты -1 санатсыз-3. Барлық педагогтер 3 жылда бір рет, қайта даярлау курстен өтеді. Балабақшада 4 топ жұмыс жасайды. Жобалық құаты 90 орын. Оқу –тәрбие процессін ұйымдастыру оқу жұмыс жоспары, ұйымдастырлған іс әрекетінің кестесі, перспективалық жоспарлар негізінде жүзеге асырылады. Оқу жүктемесі МЖМБС талаптарына сәйкес келеді. Дамыта оқыту технологиялары, ынтымақтастық педагогикасы, ойын технологиялары, практикалық қызметке белсенді енгізілуде, бұл оқыту сапасын қамтамасыз етті, бағдарламалық материалды игеру деңгейі артты. Әдістемелік қызметтің мазмұны оқытуды технологияландыруға, жаңа дидактикалық материалды құрастыруға, стандартты емес тапсырмаларды іздеуге, стандартты емес жағдайларды жасауға бағытталған, бұл сабақтарды құзыреттілік тәсіл тұрғысынан ұйымдастыруға мүмкіндік берді. Ересек тобының ата-аналар арасында телеграмм каналында сауалнама өткізілді. 27 ата аналардың арасынан 22 ата-ана қатысты. Ол 81% -ды көрсетілген білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттанғанын көрсетеді Мектепке дейінгі ұйымда әр баланың өзгеруі, жайлылығы мен әл-ауқаты қолданылады, психологиялық педагогикалық сүйемелдеу қызметі, психолог кабинеті жұмыс жасайды. Әр топта ұлттық бұрыш, кітап бұрышы, баланың өз бұрышы ұйымдастырылды. Медициналық қызметтер контингенттің денсаулық жағдайы мен дене дамуын динамикалық бақылау, қозғалыс режимін ұйымдастырылды. Санитарлық гигиеналық жағдайды бақылау, мектепке дейінгі мекеменің персоналы, ата-аналар тәрбиенушілердің арасындағы санитарлық ағарту жұмыстарын ұйымдастыру арқылы мектепке дейінгі ұйымдағы балалардың физикалық жай күйіне бақылау жүргізіледі.

1. Ұйымдастырылған іс әрекет МЖМБС талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді

2.Білім беру іс-әрекеті мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Үлгілік оқу жоспарлары, сабақтар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасында белгіленген, қойылған талаптарға сәйкес келеді.

4.Жас топтары бойынша игеруге жататын білім білік дағды мен құзырет көлемі МЖМБС және мектепке дейінгі тәрбие меан оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес келеді.

5. Топтарды жинақтау кезінде жас кезеңділігі сақталады
Екінші сұрақ бойынша мектепке дейінгі ұйымының әдіскері С.Х. Байдавлетова сөйледі.
Ол өлшемшарттар жөніндегі комиссия мүшелеріне бағалай критерийлеріне бағалау
қорытындыларын шығарады

Шешімі: 1. Бағалауға «zhagsy» -4 балына сәйкес келеді

2. Балабақша сайтында өзін өзі бағалау қорытындылары бойынша қорытынды
орналастырылсын

Төрайымы

Хатшы



Ж.К. Биманбаева
А.Д. Утегалиева

Ж.К. Биманбаева

А.Д. Утегалиева